

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау ережелері

Арқалық, 2024 ж.

1. Білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі - ББ) сапасын бағалау академиялық бағдарламалар және әдістемелік жұмыстар офисі (бұдан әрі - АБЭЖО) басшылығымен оқу жылына бір рет комиссиясы жүргізеді.

2. ББ іске асыру сапасын мониторингтеу нәтижелері талдамалық анықтама түрінде ресімделіп, институттың алқалы органдарының отырыстарында қаралады.

3. ББ даму жоспарларына сәйкес жыл сайын ББ талдау және есептілік жүргізіледі. Талдау нәтижелері бойынша ББ жақсарту бойынша жұмыс жүргізіледі, толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

4. Оқу процесіне байланысты мониторингтің негізгі түрлері:

- білім алушылардың ағымдағы үлгеріміне мониторинг жүргізу,
- білім алушыларды шығару сапасының мониторингі,
- оқу үрдісін ұйымдастыру сапасының мониторингі,
- пәндерді оқыту сапасының мониторингі,
- білім алушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттануын мониторингілеу,
- жұмыс беруш ілердің түлектердің дайындық деңгейіне қанағаттануын мониторингілеу.

5. Ағымдағы үлгерім мониторингі ағымдағы сабақ, қорытынды бақылау, практикадан өту шеңберінде білім алушылардың үлгерімін бағалауды көздейді.

5.1 Ағымдағы үлгерім мониторингі емтихан сессияларының нәтижелерін және білім алушылардың практикалық дағдыларын талдау шеңберінде жүзеге асырылады.

5.2 Талдау факультет, оқу курсы бөлінісінде білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының динамикасын қоса алғанда, сессияның академиялық көрінісін бағалауды қамтиды.

5.3 Практикалық дағдыларды талдау білім алушылардың академиялық прогресін бағалауды болжайды, олар оқу процесінде алған теориялық білімдерін практикада растауы тиіс.

5.4 Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- білім алушылардың емтихан сессиясына қатысу көрсеткіші;
- білім алушылардың үлгерімінің көрсеткіші;
- білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші;
- білім алушылардың орташа балы;
- соңғы екі жыл сессиясының сапалық көрсеткіш терінің динамикасы;
- оқыту курстары бөлінісінде сапалық көрсеткіш тердің арақатынасы;
- факультеттер бөлінісіндегі сапалық көрсеткіш тердің арақатынасы.

6. Шығару сапасының мониторингі білім алушылардың ЖОО-да білім алуының әртүрлі кезеңдерінде олардың прогресі мониторингінің тиімділігін бағалауды көздейді.

6.1 Шығару сапасының мониторингі қорытынды аттестаттау нәтижесі шеңберінде жүзеге асырылады.

6.2 Талдау бітіруші курс білім алушыларының үлгерімінің жалпы академиялық көрінісін және болашақ мамандардың теориялық дайындық деңгейін бағалауды қамтиді.

6.3 Шығару сапасын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- білім алушылардың қорытынды аттестаттауға қатысу көрсеткіші;
- қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша алынған оң бағалар көрсеткіші;
- қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша алынған өте жақсы және жақсы бағалардың көрсеткіші;
- қорытынды аттестаттаудың орташа балы;
- білім алушыларды шығаруға дейін жеткізу көрсеткіштері;
- факультеттер бөлінісіндегі сапалық көрсеткіш тердің арақатынасы;

- қорытынды аттестаттау бойынша қанағаттанарлықсыз бағалардың болуы.

7. Оқу процесін ұйымдастыру сапасының мониторингі МЖМБС талаптарын ескере отырып, ББ іске асыру тетіктерін бағалауды көздейді.

7.1 Оқу процесін ұйымдастыру сапасының мониторингі өзін-өзі бағалау процесінде комиссиялық түрде жүзеге асырылады. Мониторинг нәтижелері ББ өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерде көрсетіледі.

7.2 ББ қамтамасыз етілуін бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

- ББ қамтамасыз ететін кадр құрамының біліктілік талаптарына сәйкестігі;
- ББ-ның оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету деңгейінің лицензиялық талаптарға сәйкестігі;
- ББ-ның электрондық тасымалдағыштардағы оқу әдебиетімен қамтамасыз етілу деңгейінің лицензиялық талаптарға сәйкестігі;
- ББ жұмыс оқу жоспарының ПОӘК болуы;
- кәсіби тәжірибе бағдарламаларының болуы;
- ПОҚ дайындаған ББ пәндері бойынша әдістемелік әзірлемелердің болуы;
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарының өзектілігі;
- оқу үрдісінде оқытудың инновациялық әдістерін қолдану деңгейі;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру сапасы;
- білім алушылардың академиялық жетістіктерінің деңгейі;
- оқу аудандарының лицензиялық талаптарға сәйкестігі;
- ББ-ның оқу-зертханалық базамен, аудиториялық қормен, мамандандырылған кабинеттермен қамтамасыз етілуі;
- білім алушылардың компьютерлік техникамен қамтамасыз етілу деңгейінің лицензиялық талаптарға сәйкестігі;
- білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы;
- түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші.

7.3 ББ іске асыру тиімділігін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ББ кадрлық әлеуетінің көрсеткіші (ғылыми дәреж елері мен атақтары бар оқытушылардың үлесі, оқытушылардың біліктілік сипаттамаларының ББ бейініне сәйкестігі, оқытушылардың орташа жасы);
- оқытушылардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарының болуы;
- ПОӘК міндетті компонент пәндерінің типтік бағдарламаларына сәйкестігі;
- ПОӘК ББ оқу жұмыс жоспарларына сәйкестігі;
- ПОӘК әзірлеу бойынша ішкі талаптарға сәйкестігі;
- ББ іске асыру сапасына байланысты мәселелерді қарастыру жүйелілігі;
- ББ бейініне сәйкес оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың, әдістемелік ұсынымдардың (нұсқаулардың) болуы;
- білім алушылардың кәсіптік практикаларын ұйымдастыру сапасы;
- өзара сабаққа қатысу кестесінің болуы;
- ашық сабақтарды талқылаудың ашықтығы, өзара қатысу журналдарын толтыру сапасы, қатысу нәтижелері бойынша түзету шараларының болуы;
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары бекітілуінің ашықтығы;
- ғылыми жетекші іні тағайындау барысында студенттердің мүдделерін сақтау;
- оқу процесін ұйымдастыру үшін қажетті оқу әдебиеттерінің, оқытудың техникалық құралдарының, зертханалардың, мамандандырылған кабинеттердің болуы.

8. Пәндерді оқыту сапасының мониторингі институтта жалпы әдістемелік жүйенің дамуын және оқу жоспарының нақты пәндерінің ғылыми-әдістемелік, зертханалық техникалық қамтамасыз етілу деңгейін бағалауды көздейді.

8.1 ББ іске асыру барысында пәндерді оқыту сапасының мониторингі декан, ББ

жетекшілері, ПОҚ тарапынан сабақтарға қатысу шеңберінде жүзеге асырылады.

8.2 Сабаққа қатысу нәтижелері журналда тіркелуі, сондай-ақ факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитеті және академиялық кеңес отырыстарында талқыланады.

8.3 Пәндерді оқыту сапасының мониторингі шеңберінде ПОӘК, басқа да оқу әдістемелік басылымдардың сапасына бағалау жүргізіледі.

8.4 Пәндерді оқыту сапасын бағалау пәннің қамтамасыз етілуіне, сабақтарын өткізу деңгейіне байланысты өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады.

8.5 Пәннің қамтамасыз етілуін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- пәнді оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен қамтамасыз ету деңгейі;
- пәннің электрондық оқулықтармен, дәрістердің электрондық курстарымен, видеокурстармен қамтамасыз етілу деңгейі;
- пәнді оқытудың техникалық жағдайларының сапасы (мамандандырылған кабинеттерді, оның ішінде компьютерлік сыныптарды, лингафондық кабинеттерді және т. б. пайдалану);
- пән бойынша оқу сабақтарын өткізу сапасы;
- ББ жетекшісі тарапынан пәнді оқыту сапасын бақылау формалары.

8.6 Дәріс сабағын өткізу сапасын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- дәріс мазмұнының ПОӘК мәлімделген тақырыптық жоспарға сәйкестігі;
- дәрістің құрылымы;
- дәріс тақырыбын ашудағы жүйелілік;
- дәрістің ғылымилығы және ақпараттылығы;
- дәрістің кәсіби және дүниетанымдық бағыты;
- дәрістің теориялық ережелерін растайтын келтірілген мысалдардың, фактілер мен дәлелдердің негізділігі;
- дәріс мазмұнындағы пәніш ілік және пәнаралық байланыс;
- жалпылаудың әдістемелік әдістерінің болуы, жасалған тұжырымдарға назар аудару, жаңа терминдер мен атауларды түсіндіру;
- пәннің көрнекілігін, үлестірме материалдарын, интерактивті әдістерді, оқытудың техникалық құралдарын пайдалану;
- оқу уақытына дәрістік материал көлемінің пропорционалдылығы;
- аудиториямен кері байланыстың болуы.

8.7 Практикалық сабақ өткізу сапасын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- практикалық сабақ мазмұнының ПОӘК мәлімделген тақырыптық жоспарға сәйкестігі;
- ұсынылған тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулардың болуы;
- қарастырылатын тақырыпты талқылауда ғылыми көзқарастың болуы;
- оқыту нысандары мен әдістерінің қарастырылатын материалдың мазмұнына сәйкестігі;
- көрнекілікті, үлестірме материалдарды, оқытудың техникалық құралдарын пайдалану;
- мәселелерді талқылауда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттесу дәрежесі;
- білім алушылардың практикалық сабаққа дайындық деңгейі;
- білім алушылардың белсенділігі;
- білім алушылардың білімдерін бағалаудың ашықтығы.

8.8 Зертханалық сабақтарды өткізу сапасын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- зертханалық сабақ мазмұнының ПОӘК мәлімделген тақырыптық жоспарға сәйкестігі;
- білім алушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама жүргізу;
- зертханалық жұмысты орындау барысында қауіпсіздік техникасын сақтау;
- зертханалық жұмысты орындау бойынша анықтамалық әдебиет, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулардың болуы;
- оқу зертханасының сабақ өткізу үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуі;
- зертханалық жұмысты жүргізу үшін білім алушылардың теориялық және практикалық дайындық деңгейі;
- білім алушылардың білімін бағалаудың ашықтығы.

8.9 ПОӘК сапасын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ПОӘК құрылымының әзірлеу және рәсімдеу бойынша ішкі талаптарға сәйкестігі;
- міндетті компонент пәндерінің ОӘК мазмұнының үлгілік бағдарламаның талаптарына сәйкестігі;
- курс бойынша талаптарды баяндаудың қолжетімділік дәрежесі;
- дәріс тезистерінің ақпараттылық дәрежесі;
- шығармашылық тапсырмалардың болуы;
- библиографиялық тізімнің жаңашылдық дәрежесі;
- библиографиялық тізімде электрондық көздер мен интернет-ресурстарға сілтемелердің болуы;
- библиографиялық тізімде ПОҚ еңбектерінің болуы;
- студенттерге өзін-өзі тексеру үшін ұсынылатын тапсырмалардың сапасы;
- емтихан сұрақтары мазмұнының пәнді оқытудың тақырыптық жоспарына сәйкестігі.

9. Білім беру процесіне қатысушылардың қанағаттанушылығын мониторингтеу студенттердің, оқытушылардың, жұмыс берушілердің, практика базалары өкілдерінің сауалнамалары арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалауды көздейді.

9.1 Студенттердің сауалнамалары оқу процесін ұйымдастыру сапасы, пәндерді оқыту, оқу жағдайлары және т.б. туралы олардың пікірлерін анықтауға бағытталуы тиіс.

9.2 Оқытушылардың сауалнамалары ЖОО-дағы басқару жүйесінің тиімділігі туралы пікірді анықтауға бағытталуы тиіс.

9.3 Жұмыс берушілер мен практика базаларының өкілдеріне жүргізілетін сауалнамалар практиканттар мен түлектердің теориялық және практикалық даярлығының сапасы туралы пікірді анықтауға бағытталуы тиіс.

9.4 Сауалнамаларды ұйымдастыру жоспарлы сипатта болуы және білім беру процесі субъектілерінің ББ басқаруға қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

9.5 Сауалнама нәтижелері анықталған проблемаларды шешу бойынша ұсынымдармен сүйем елденуі тиіс.

9.6 Жасалған ұсынымдарды іске асыру институттың стратегиялық құжаттары, ішаралар жоспарлары, алқалы органдардың хаттамалық шешімдері және т.б. шеңберінде жүзеге асырылады.

9.7 Студенттердің қанағаттануын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ББ, факультет, ЖОО тандауына қанағаттану көрсеткіші;
- оқу жағдайларына қанағаттану көрсеткіші;
- оқыту сапасына қанағаттану көрсеткіші;
- оқу нәтижелеріне қанағаттану көрсеткіші.

9.8 Оқытушылардың қанағаттануын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- институт менеджмент жүйесіне қанағаттану көрсеткіші;
- ақпараттандыру жүйесіне қанағаттану көрсеткіші;

- жұмыс жағдайларына қанағаттану көрсеткіші.

9.9 Жұмыс берушілер мен практика базалары өкілдерінің қанағаттануын бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

- түлектердің теориялық және практикалық дайындығы деңгейіне қанағаттану көрсеткіші;

- жұмыс берушінің түлектерді жұмысқа қабылдау мүдделілігінің көрсеткіші;

- институтпен ынтымақтастық форматына қанағаттану көрсеткіші.

Танысу парағы

[illegible]